

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 маусымдағы № 572 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі Бектас Ғафурұлы Мұхамеджановқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

4

м а у с ы м д а ғ ы

№

5 7 2

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі

Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы достық қатынастарды растай отырып,

халықаралық құқықтың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып,

1992 жылғы 14 маусымда Рио-де-Жанейрода қабылданған Қоршаған орта және даму жөніндегі Рио-де-Жанейро декларациясын қолдана отырып, 1998 жылғы 25 маусымда Орхуста қабылданған Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияны, 2000 жылғы 8 қыркүйекте қол қойылған Біріккен Ұлттар Ұйымының Мыңжылдық декларациясын, 2002 жылғы 4 қыркүйекте Йоханнесбургте қабылданған Орнықты даму және іс-әрекеттер жоспары бойынша Йоханнесбург декларациясын назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптардың осы Келісімді іске асыру жөніндегі құзыретті органдары:
Қазақстан Республикасы тарапынан - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі;

Латвия Республикасы тарапынан - Латвия Республикасы Қоршаған орта және өңірлік даму министрлігі болып табылады.

2-бап

Тараптар екі мемлекеттің мүддесінде қоршаған ортаны қорғау және экологиялық ластанудың алдын алу саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамытады және кеңейтеді, жаһандық және өңірлік экологиялық проблемаларды бірлесіп шешу үшін экономикалық, ғылыми-техникалық байланыстарды одан әрі дамытуға ықпал етеді.

3-бап

Тараптардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастығы қабылданған халықаралық міндеттемелерді ескере отырып, өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары шеңберінде мынадай:

- 1) қорғалатын табиғи аумақтарды басқару;
- 2) биологиялық әртүрлілікті сақтау;
- 3) климаттың ғаламдық өзгеруі;
- 4) озон қабатын қорғау;
- 5) шөлейттенуге қарсы күрес;
- 6) ауаның трансшекаралық ластануы;
- 7) қалдықтарды басқару;
- 8) су ресурстарын қорғау және пайдалану;
- 9) энергия тиімділігі және энергия үнемдеу;
- 10) қоршаған ортаның мониторингі;

11) Тараптармен келісілген ынтымақтастықтың өзге де салалары бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

4-бап

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық Тараптардың өзара келісуі бойынша мынадай :
ғылыми-зерттеу қызметі саласындағы ғылыми-техникалық ақпарат және құжаттама алмасу ;

Киото хаттамасын іске асыру үшін және экологиялық таза технологияларды, жаңартылатын энергия көздерін дамыту үшін ұлттық заңнама мен әдістемелік базаны жетілдіру бойынша тәжірибе алмасу ;
қолжетімді экологиялық технологиялармен алмасу ;
сарапшылармен алмасу нысандарын жүзеге асырылады.

5-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің қоршаған орта мәселелерімен айналысатын мекемелері, жеке және заңды тұлғалар арасында тікелей байланыс орнатуға және ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.

6-бап

Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасында көзделген қаражат шегінде дербес көтереді.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты туындайтын даулар Тараптар арасындағы келіссөздер және консультациялар арқылы шешіледі.

8-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын олардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

9-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Мұндай өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылады және жеке хаттамалармен ресімделеді.

10-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады.

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті конституциялық және/немесе заңнамалық талаптарды Тараптардың орындағанын растайтын соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Әрбір Тарап дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа өзінің ниеті туралы жазбаша хабарлап, осы Келісімнің қолданысын тоқтата алады. Кез келген осындай тоқтату екінші Тарап осындай хабарламаны алған күннен кейін алты ай өткен соң күшіне енеді.

Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, осы Келісімнің қолданысын тоқтату Тараптарды оның қолданысы кезеңінде қабылданған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

2013 жылғы 3 маусымда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, латыш, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтінінің басым күші болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Латвия Республикасының
Үкіметі үшін*